



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201__

№ _____

№ _____

№ _____ данасы

экз. № _____

№ исх: 17-38/4134 от: 16.01.2017

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің депутаты
С.Н. Өтебаевқа

2016 жылғы 15 желтоқсандағы
№ ДС – 182 депутаттық сауалға

Құрметті Сәкен Нұриұлы!

Жолаушыларды тасымалдау үшін пайдаланылатын ескі вагондарды ауыстыруға қатысты мынаны хабарлаймыз.

Қазіргі уақытта қызмет көрсету сапасын жақсарту және жолаушылардың жолда болу уақытын қысқарту мақсатында 13 маршрут бойынша, оның ішінде 2016 жылғы 11 желтоқсаннан бастап Алматы-Астана маршруты бойынша және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап Алматы-Шымкент маршруты бойынша «Тұлпар-Тальго» ЖШС вагондарынан жүрдек жолаушылар поездарының қатынауы ұйымдастырылған.

Сондай-ақ, 2017 жылғы бірінші жарты жылдықта жоғарыда көрсетілген вагондардан Астана-Орал және Алматы-Орал қатынастарында пойыздардың қатынауын ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Бұдан басқа, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесін өткізу кезеңінде Алматы-Қостанай, Астана-Маңғышлақ (Ақтау), Астана-Атырау, Астана-Шымкент және Астана-Алтынкөл маршруттары бойынша қосымша поездарды іске қосу жоспарлануда.

Бұл ретте, 2022 жылға дейін жылжымалы құрамды жаңарту шеңберінде Алматы-Павлодар, Ақтөбе-Маңғышлақ (Ақтау), Астана-Лениногорск, Ақтөбе-Атырау, Астана-Сарыағаш және Алматы-Маңғышлақ (Ақтау) маршруттары бойынша жаңа нұсқадағы отандық өндірістің қосымша 6 пойызын тағайындау жоспарланды.

Жоғарыда жазылғандарды ескере отырып, жолаушылар вагондарын жаңарту бойынша, оның ішінде отандық өндірістің вагондарынан жүрдек пойыздардың санын арттыру жөніндегі жоспарларлы жұмыстар жүргізілуде.

